



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Төртінші бағытта бүгінге дейін елімізде таңсық болған, алайда Еуропа мен АҚШ аумағында табыстылығын дәлелдеген еңбек ресурстарының ұтқырлығы нысанаға алынған. Қарапайым тілмен айтқанда, жұмыс бар өңірге қоныс аудару. Мысалы, Америка үшін адамдардың жұмыс іздеп бір штаттан екіншісіне көшуі қалыпты жағдай. Осы орайда ол елде көшкен адамның баспанамен қамтылып, көлік шығындарының жабылуы міндетті емес. Көбінесе жаңа қонысқа орналасқан жандар тұрғын үйден балалары оқитын мектепке дейінгі тұрмыс мәселелерін өздері шешіп жатады. Қазақстанда болса, азаматтар өзгеше жайтқа бой үйреткенше мемлекет қолтықтан демеп жіберуді жөн санап отыр.

Біріншіден, халқы тығыз орналасқан өңірлер анықталып (елдің оңтүстігі), кадр тапшылығы байқалған облыстар (солтүстік-орталық аймақтар) ахуалы таразыланды. Екіншіден, көші-қон кезінде қаржылай көмек қарастырылып, адамдардың бастапқы бейімделуі мен жол пұлы, жүк тасымалы сынды шығындар жабылады. Үшіншіден, осы мақсатта өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкелері өткізіледі. Биыл көшті қабылдайтын өңірлердегі жұмыс берушілердің атсалысуымен Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Алматы облыстарында өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкелері шымылдығын түріп үлгерді. Төртіншіден, көшу жайлы шешімді жұмыс іздеуші жан өзі дербес қабылдайды, мәжбүрлеп, міндеттеу жоқ. Қазірде 442 отбасы тұрғылықты жерін ауыстырып, еңбекпен қамтылған. Жұмыссыздық деңгейі 2017 жылдың төртінші тоқсанында 4,1 % құрап, 2016 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 0,2% аз екенін аңғартты. 15-28 жас аралығындағы жас буынға қатысты жұмыссыздық 0,5% азайса, әйелдер арасында 0,2% төмендеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.enbek.kz/docs/kk/taxonomy/term/140>
2. http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/kazakhstan-prezidenti-nursultan-nazarbaevtyin-prezidenttin-bes-aleumettik-bastamasy-atty-halykka-undeui
3. <https://egemen.kz/article/zhumyspen-kamtu>
4. <https://baribar.kz/33651/zhumysyzydardy-zhumyspen-qamtu-maselesi-qalay-sheshilip-zhatyr/>
5. http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersLabor?_afLoop=6611979894428571#%40%3F_afLoop%3D6611979894428571%26_adf.ctrl-state%3Dzd5owuz35_38
6. <https://www.facebook.com/www.enbek.kz>
7. <http://www.enbek.gov.kz/kk/node/122494>

УДК 343

СУИЦИД – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢ БАСТЫ ПРОБЛЕМАСЫ РЕТІНДЕ

**Балтабай Ережеп,
Жолдасым Айдын
Baltabay.jr@mail.ru**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3 курс студенттері
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жусупова Г. М.

Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабының бірінші тармағында - Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Бірақ та бүгінде Конституцияның осы бір бабының салмағы бар ма? - деген сұраққа жауап беру қиын болып табылады. Себебі еліміздегі негізгі проблемаларға қарап, олардың қаншалықты шешіліп жатқандығына назар салсақ жағамызды

ұстап қалатынымыз рас. Ал бүгінде қоғамда орын алып жатқан негізгі проблемалардың, тіпті ғаламдық проблемалардың бірі десек те болады, ол әрине – жас балалар, жасөспірімдер мен ересектер арасындағы –суицид [1,3].

Жалпы суицид ұғымына тоқталатын болсақ ол латын тілінің *sui caedere* – яғни, өзін-өзі өлтіру деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғымды итальян психологы Г. Дэзен 1947 жылы енгізіп, оны “өзін-өзі өлтіруге әрекет ету” - деп түсіндіреді. Бүгінде суицидалогия атты ғылыми бағыт бар, бұл бағыттың пайда болуына бірнеше ғылымдар әсер етті. Атап айтатын болсақ, бұл ғылымдар: социология, психология, медицина, демография, психиатрия. Өзіне-өзі қол жұмсаудың қатты қарқында көбейіп жатқандығын осындай бір іс-әрекеттердің болу себебін, ерекшеліктерін зерттейтін арнайы ғылымның бар болуынан байқауға болады [4,26.].

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпараты бойынша жылына әлемде 800 000 мың адам өз-өздеріне қол жұмсайды. Ал халықаралық сараптамаларға зер салатын болсақ бізге мынадай бір ақпаратты береді, Қазақстанда дамып келе жатқан және дамыған мемлекеттермен салыстырғанда өзіне-өзі қол жұмсау іс-әрекетінің жалпы мөлшері өте жоғары болып табылады, әсіресе 5-14 жас мөлшеріндегі жас балалар арасындағы және 15-24 жас аралығындағы жасөспірім арасында. 2012-2015 жыл аралығындағы дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасы бойынша әлемде жалпы суицидалдық іс-әрекеттер бойынша мемлекеттер тізімінің көшін бастап келе жатқан Шри-Ланка мемлекеті, екінші орынды Гайана мемлекеті алып отырса, содан соң Моңғолия, ал 4-ші орынды Қазақстан иеленіп отыр. Бұл дегеніміз өте жоғары статистика болып табылады. Себебі жылына елімізде - 100 000 адамға шаққанда 27,5 адам өз-өзіне қол жұмсайды деген сөз. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің берген 2009 жылдың статистикасы бойынша 5-18 жас аралығындағы балалардың 264 суицидалдық іс-әрекеттері көрініс тапқан, ал 2010 жылы дәл осындай оқиғалардың 3617 орын алған, соның ішінде 1286-і 0-29 жас аралығындағы адамдар. Ұлттық экономика министрлігінің статистика Комитетінің торағасы Алихан Смаиловтың мәлімдемесі бойынша соңғы 5 жылда өлім оқиғалары төмендеп жатыр. Суицидке байланысты айтатын болсақ 2014 жылдың өзінде өз-өзіне қол жұмсаудың 2932 оқиғасы тіркелген. 2013 жылмен салыстырғанда 10.3 пайызға төмендеген [4,65.][5].

Бүгінде Қазақстан Республикасындағы жас балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидалдық іс-әрекеттердің себептерін айта кететін болсақ ол өте көп болып келеді. Ал сол себептердің негізгілері: девианттық мінез құлықтың пайда болуы, болашағынан қорқу, сүйгенінен айрылу болып табылады және қазіргі таңдағы өзіне-өзі қол жұмсауға итермелейтін негізгі фактор ол Ұлттық Біріңғай Тестілеуді тапсыра алмау және отбасының төмен әлеуметтік жағдайы.

Себептердің ең біріншісі девианттық мінез-құлық деп айттық. Девианттық мінез-құлық түсінігіне келетін болсақ (лат. *deviatio* - ауытқу), оны Эмиль Дюркгейм атты ғалым енгізіп, оған ауытқыған мінез құлық деген анықтама берген болатын. Бүгінде болып жатқан жайттарға қарап біз девиантты мінез-құлықтың жас балалар мен жасөспірімдердің суицидалдық іс-әрекеттерге баруына әсер етуші ең басты факторы ретінде алуға болады. Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір проблемаға тап болған кезде немесе ол бейімделген орта немесе әлеуметтік топ одан бас тартқан кезде ол өзін-өзі өлтіруге барады деген. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отырып ол келесі суицид түрлерін бөліп көрсетті: эгоисттік және альтруисттік.

Тағы да психопатологиялық жағдай негізінен балалармен жас өспірімдердің әлеуметтену деңгейімен қоғамда алатын орнына байланысты да болады. Ал девиантты мінез-құлықтың пайда болуына мынадай жайттарды келтіруге болады, яғни жанұяда берекенің болмауы, өмірлік дағдының болмауы, айналасындағы адамдармен, құрбыларымен жарамды қатынасқа түсе алмауы, өз бетінше шешім қабылдай алмау, идиологияны бұзатын жарнамаларды және өзге де теледидарлық бағдарламаларды жиі көру, және де бүгінде ата-анасының жұмыстан қол тимеуіне байланысты өз балаларының білім алуына, қандай адамдармен араласып жатқандығына назар аударуға уақыт таппай жатады. Бала мен ата-

ананың арасында контакт болмағаннан соң , сол себепті бала мен ата-ананың арасы салқындайды.Күнделікті болып жатқан қиын жағдайларды ата-анасына айтуға қорқады. Соның салдарынан олар өз-өзіне қол жұмсауға қадам басады.

Әрбір жылдың соңына қарай мектеп бітірушілері бәріміз білетіндей ұлттық бірінғай тестілеуден өтеді. Жоғарғы оқу орнына түсуге қажетті баллды , я болмаса мемлкеттік грантты алуға қажетті баллды жинай алмай қалудың салдарында, өзіне-өзі қол жұмсауға итермелеудің бір факторы ретінде қарастырғанымыз жөн. Дариға Назарбаеваның пікірі бойынша ҰБТ- жасөспірім арасындағы суицидтердің пайда болуына өз әсерін тигізуде. Осыған байланысты Дариға Назарбаева Білім министрлігіне депутаттық сұраныс жіберген болатын және де білім министрлігінен суицидалдық іс-әрекеттерді жою үшін ҰБТ процесіне қандай өзгерістер мен шаралар қолданып жатқандығын мәлімдеуін талап етті.Бірақ та білім және ғылым экс-министрі Бақытжан Жумағұловтың айтуы бойынша мектеп бітірушілердің суицидалдық іс-әрекеттері мен ҰБТ-ның бір-бірімен тікелей байланысы жоқ. Оның пікірі бойынша оқушылардың осындай суицидалдық іс-әрекеттерге баруына мектеп бітірушілерінің ата-аналары кінәлі, мәселен көптеген ата-аналар алдын-ала балаларына психологиялық көмек берудің орнына ,олардан Алтын Белгі иегері болуы үшін тиісті баллды алуына талап етеді. Сол себепті олар эмоцияналды тұрақсыз болып, тестілеу барысында өздерін бірқалыпты ұстай алмайды.

Қазақстан Республикасындағы ЮНИСЕФ өкілі Джун Кукитаның айтуы бойынша оқушылардың тестілеуге байланысты пайда болатын суицидалдық іс-әрекеттерін алдын-алу үшін білім,денсаулық сақтау, ішкі істер министрліктерінің қарқынды жұмыс істеуі қажет. Шынымен де мұндай мелмекеттік проблемаға ат үсті қарағанымыз жөн болмас, себебі еліміздегі қанша жас балалар мен жасөспірімдердің өмірлері қиюлуда [4,8].

Енді осы ретте осы жас балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидалды іс-әрекеттерді жою үшін тиімді шаралар қолданғанымыз жөн. Ең басты біз әрбір мектептерде балармен жұмыс жасайтын, психологялық тұрғыда көмек беретін арнайы кәсіби мамандырылған топтар ұйымдастырғанымыз жөн. Ол топтардың негізгі жұмысы болып белгілі бір мерзім аралықтарында балалар мен ата-аналар арасында арнайы көңілді тренингтер өткізіп тұру, оларға әр түрлі жас мөлшеріндегі балалармен қалай сөйлесу керектігін, қалай жұмыс істеу керектігі туралы мәліметтер беру. Бүгінде әрбір білім ошақтарында балармен жұмыс жасайтын психологтардың кәсіби тәжірбиесі мен біліктілігі төмен болуда. Сол себепті жоғарыда аталған топты құру жасөспірімдер мен жас балалар арасындағы суицидті жоюға айтарлықтай көмегін тигізеді десек қате болмас.

Қорытындылай келе Алихан Бөкейханұлының түрмеде отырып Міржақып Дулатұлы мен Ахмет Байтұрсынұлына жазған мына бір сөзін еске алатын болсақ : Әлі күнді көретін ұрпақ келеді, сол ұрпақ сендерді үлкен құрметпен, үлкен ризашылықпен еске алатын болады, күрес жолына түскендеріне өкінбеңдер! Алихан Бөкейханұлының осы бір сөзіндегі ұрпақ -ол біз. Ал егерде жас ұрпақтың өз-өзіне қол жұмсап жатқандығына кол құсыра қарап отыра берсек , сол аталарымыздың күреспен алып берген жеңісін қалай ардақтаймыз?! Қалай еліміздің тамырын емен ағашы сияқты тереңге мықтап жаямыз?! Сондықтан бүкіл ел болып еліміздегі белең етек жайып жатқан осы бір сорақы індетті жоюға барлығымыз ат салысайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж 30 тамыз
2. ҚР Конституциясына ғылыми-құқықтық түсіндірме, Г.С. Сапарғалиев
3. ҚР Конституциясына ғылыми-тәжірбиелік түсіндірме,М.Т.Баймаханов, С.З.Зиманов
4. Специальный доклад Суицид среди детей в Казахстане,ЮНИСЕФ консультанты доктор Робин Н.Харр
5. wikipedia.org/wiki